**Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі**
**«Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ**

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы сот әкімшілігінің
Қарағанды облысы бойынша
Департаменті» РММ басшысы
________________________ Исин М.М.
«30» _____04_______2023 ж.

«БЕКІТЕМІН»
Академик Е. А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
Ректоры-Басқарма төрағасы
_______________ Н.О. Дулатбеков
«30» _____05_______2023 ж.

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
# «6В04201 - Құқықтану»
# Деңгей: Бакалавриат

Қарағанды 2023

**Мазмұны**


| № | **Бөлім атауы** | **Беттер** |
|---|---|---|
| 1 | 1-нысан. Білім беру бағдарламасының паспорты | 3 |
| 2 | 2-нысан. Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау | 5 |
| 3 | 3-нысан. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау | 7 |
| 4 | 4-нысан. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы | 10 |
| 5 | 5-нысан. Сертификатталған бағдарлама (minor ) | 32 |
| 6 | 6-нысан. Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН) | 33 |
| 7 | 7-нысан. Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері | 35 |
| 8 | 8-нысан. Түлек моделі | 38 |

**1-нысан**

**Білім беру бағдарламасының паспорты**

| № | Параметр атауы | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| **1** | **Білім беру бағдарламасының коды және атауы** | 6В04201 – Құқықтану |
| **2** | **Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары** | 6В04 – Бизнес, басқару және құқық<br>6В042 – Құқық |
| **3** | **Білім беру бағдарламаларының тобы** | Құқық |
| **4** | **Кредиттер көлемі** | 240 |
| **5** | **Оқыту түрі** | Күндізгі |
| **6** | **Оқыту тілдері** | Қазақ, орыс |
| **7** | **Берілетін дәреже** | «6В04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр |
| **8** | **Білім беру бағдарламасының түрі** | Қолданыста |
| **9** | **БСХСЖ бойынша деңгей** | 6 |
| **10** | **ҰБШ бойынша деңгей** | 6 |
| **11** | **СБШ бойынша деңгей** | 6 |
| **12** | **Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері** | жоқ |
| **13** | **Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі** | KZ83LAA00018495 28.07.2020 ж., қосымша 016 |
| **14** | **Аккредиттеу органының атауы және білім беру бағдарламасын аккредиттеудің қолданылу мерзімі** | Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (IQAA). Аккредитацияның әрекет ету мерзімі 09.11.2020 ж. - 08.11.2027 ж. |
| **15** | **Білім беру бағдарламасының мақсаты** | Тілдік құзыреттілігі мен жоғары құқықтық мәдениеті бар құқықтану саласында бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. |

| | | |
|---|---|---|
| **16** | **Түлектің біліктілік сипаттамасы** | а) судья, прокурор, заңгер, заңгердің көмекшісі, нотариус, адвокат, мемлекеттік органдардың халықаралық ынтымақтастық департаменттерінің басшысы, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының аппарат басшысы.<br>ә) құқық қорғау органдары; мемлекеттік билік пен басқарудың сот, атқарушы және өкілді органдары; мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындар; адвокатура; нотариат; қаржы институттары; сақтандыру және аудиторлық компаниялар.<br>б) құқықшығармашылық, құқыққолдану, құқыққорғау, ұйымдастырушылық-басқармалық, сарапшы-кеңесшілік қызмет.<br>в) құқықтық актілерді әзірлеу және оларды іске асыруға дайындау, лауазымдық міндеттер шегінде құқық қолдану шешімдерін негіздеу және қабылдау; құқықтық нормаларды іске асыруға байланысты іс-әрекеттер жасау; мәмілелерді заңмен сүйемелдеу, заңдылықты, құқықтық тәртіпті, жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; қоғамдық тәртіпті қорғау; құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу, анықтау, ашу және тергеу; жеке, мемлекеттік және өзге де меншік нысандарын қорғау, құқық мәселелері бойынша кеңес беру; құжаттарға құқықтық сараптаманы іске асыру. |

**2-нысан**

**Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау**

| **Құзыреттілік түрлері** | **Оқу нәтижесінің коды** | **Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)** |
|---|---|---|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills) | ОН 1 | Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздерін қалыптастыратын гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінің өзекті білімдерін көрсетеді. Құқық пен заңға құрметпен қарауды, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына төзбеушілікті айқындайды. |
| | ОН 2 | Заңдық қайшылықтарды шешу кезінде қолданыстағы заңнаманың нормаларын және құқық қолдану практикасының материалдарын талқылайды, түсіндіреді, қолданады. Іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде ресми мемлекеттік, орыс және шет тілдерін еркін қолданады. |
| | ОН 3 | Жүйелік құбылыстар ретінде мемлекет пен құқықты ғылыми зерттеудің тарихи, нормативтік-мазмұндық, аксиологиялық, құрылымдық-функционалдық білімдері мен әдістерін меңгерген. Болашақ кәсібінің әлеуметтік маңыздылығы, заңдық қызметтегі дене шынықтырудың рөлі туралы нақты түсінігі бар. |
| 2. Сандық құзыреттер: (Digital skills) | ОН 4 | Кәсіби қызметте құқықтық ақпараттың сандық көздерін, деректерді талдау және басқару құралдарын қолданады. Электрондық үкіметпен, электрондық сот ісін жүргізумен және анықтамалық құқықтық сервиспен жұмыс істеу дағдыларына ие. |
| | ОН 5 | Жеке және коммуникациялық қасиеттерді, зерттеудің инновациялық әдістерін дамытады және тиімді пайдаланады, кәсіби салада шығармашылықпен қолдану үшін құқықтық сана мен құқықтық мәдениет деңгейін арттырады. |
| | ОН 6 | Сандық кеңістікте қалыптасатын құқықтық қатынастарды анықтайды. Сандық ортадағы әрекеттер мен құбылыстарды және олардың заңды салдарын саралайды. |
| 3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills) | ОН 7 | Объектінің ерекшелігін, пәнін және реттеу әдісін ескере отырып, белгілі бір салалық құқықтық норманы таңдайды. Мемлекеттік және жеке-құқықтық институттар арасындағы айырмашылықтарды ажыратады. |
| | ОН 8 | Құқық жүйесінің әртүрлі салаларындағы материалдық және іс жүргізушілік рәсімдерді түсінеді. Құқық қорғау, құқық сақтау және ұйымдастырушылық-басқару функцияларын орындайды. |
| | ОН 9 | Азаматтық-құқықтық қатынастарды және кәсіпкерлік қызметті реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік саласындағы практикалық мәселелерді, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғаудың |

| | | |
|---|---|---|
| | | халықаралық және ұлттық тетігіндегі тараптардың құқықтық мүдделерін айқындайды. |
| | ОН 10 | Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтарды саралайды, олардың алдын алу шараларын әзірлейді. Сотқа дейінгі және сот ісін жүргізу барысында техникалық, тактикалық және әдістемелік құралдар мен тәсілдерді қолданады. |
| | ОН 11 | Ұлттық құқық пен заңнама теориясы мен практикасын жетілдіру жолдарын, заң қызметіндегі, мемлекеттік басқарудағы, мемлекеттік және әскери қызметтегі құқықтық тәуекелдерді талдайды. Заңды құжаттарды жасау кезінде тұжырымдамалық-категориялық аппаратты тиімді пайдаланады. |

**3-нысан**

**Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау**

| **Оқыту нәтижесінің коды** | **Модуль атауы** | **Пәндер атауы** | **Көлемі (ECTS)** |
|---|---|---|---|
| ОН 1, ОН 3 | Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері | Қазақстан тарихы (МЕ) | 5 |
| ОН 1, ОН 3 | | Философия | 5 |
| ОН 1, ОН 3 | | Қолданбалы бизнес | 5 |
| ОН 1, ОН 3 | | Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | |
| ОН 1, ОН 3 | | Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері | |
| ОН 1, ОН5 | | Ғылыми зерттеулердің негіздері | |
| ОН 1, ОН 5 | Әлеуметтік-саяси білім | Саясаттану, Әлеуметтану | 4 |
| ОН 1, ОН 5 | | Мәдениеттану, Психология | 4 |
| ОН 1, ОН 4 | Ақпараттық-коммуникативтік | Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар | 5 |
| ОН 2, ОН 5 | | Қазақ тілі | 10 |
| ОН 2, ОН 5 | | Шет тілі | 10 |
| ОН 3, ОН 5 | | Дене шынықтыру | 8 |
| ОН 2, ОН 3 | Заңгердің негізгі дайындығы | Мемлекет және құқық теориясы | 5 |
| ОН 2, ОН 3 | | Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы | 5 |
| ОН 1, ОН 3 | | Саяси және құқықтық ілімдер тарихы | 5 |
| ОН 6, ОН 10 | | Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Жалпы бөлім) | 5 |
| ОН 2, ОН 10 | | Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) | 5 |
| ОН 2, ОН 10 | | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы (Жалпы бөлім) | 5 |
| ОН 2, ОН 9 | | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы (Ерекше бөлім) | 5 |
| ОН 8, ОН 9 | | Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы | 5 |
| ОН 8, ОН 10 | | Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы | 5 |
| ОН 4, ОН 10 | | Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы | 5 |
| ОН 1, ОН 3<br>ОН 1, ОН 11 | Мемлекет және құқықтың дамуының тарихи және қазіргі аспектілері | Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы<br>Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы | 6 |
| ОН 4, ОН 9<br>ОН 3, ОН 5 | | Римдік жеке құқық<br>Қазақтардың әдет-ғұрып құқығы: тарихы және қазіргі заман | 5 |
| ОН 2, ОН 11 | | Ислам құқығы | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ОН 1, ОН 3 | | Парламенттік құқық | |
| ОН 9, ОН 11<br>ОН 7, ОН 11 | | Адам құқықтарын іске асырудың қазіргі мәселелері<br>Сайлау құқығы және үрдіс | 4 |
| ОН 4, ОН11<br>ОН 4, ОН 11 | | Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет<br>Қазақстан Республикасындағы әскери қызметті құқықтық реттеу | 5 |
| ОН 8, ОН 10<br>ОН 4, ОН 9 | | Қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыру нысандары<br>Қазақстан Республикасының отбасы құқығы | 5 |
| ОН 4, ОН 10<br>ОН 4, ОН 9 | | Криминология<br>Қазақстан Республикасының еңбек құқығы | 5 |
| ОН 1, ОН 10<br>ОН 8, ОН 9 | | Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл<br>Адвокатура және заң көмегін ұйымдастыру | 5 |
| ОН 2, ОН 7 | | Оқу | 1 |
| ОН 7, ОН 8 | | Өндірістік | 3 |
| ОН 2, ОН 8 | | Оқу | 1 |
| ОН 3, ОН 5<br>ОН 4, ОН 7<br>ОН 4, ОН 11 | Құқық қолдану қызметіндегі құқықтық технологиялар (минор) | Заңгер қызметіндегі құқықтық деонтология және аксиология<br>Заңгер қызметіндегі сандық технологиялар<br>Электрондық үкімет | 5 |
| ОН 6, ОН 7<br>ОН 2, ОН 5 | | Сот риторикасы<br>Құқықтық статистика | 5 |
| ОН 8, ОН 9<br>ОН 7, ОН 9<br>ОН9, ОН 11 | | Атқарушылық іс жүргізу<br>Азаматтық-құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдері<br>Адам құқықтарын халықаралық қорғау | 5 |
| ОН 4, ОН 9 | Заманауи құқықтық жүйе | Кәсіпкерлік құқық | 5 |
| ОН 4, ОН 10 | | Криминалистика | 5 |
| ОН 4, ОН 10 | | Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы | 4 |
| ОН 7, ОН 9<br>ОН 7, ОН 11 | | Халықаралық жеке құқық<br>Халықаралық жария құқық | 5 |
| ОН 4, ОН 11<br>ОН 8, ОН 11<br>ОН 2, ОН5 | | Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау<br>Кәсіби қазақ тілі | 5 |
| ОН 7, ОН 11<br>ОН 7, ОН 11 | | Қазақстан Республикасының салық құқығы<br>Көші-қон құқығы | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ОН 3, ОН 8<br>ОН 2, ОН 11 | | Қазіргі жағдайдағы құқықтық реттеу механизмі<br>Құқықтық жауапкершілік - кешенді құқық институты | 5 |
| ОН 2, ОН 9<br>ОН 2, ОН 7 | | Мұрагерлік құқық<br>Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы | 5 |
| ОН 6, ОН 10<br>ОН 4, ОН 10<br>ОН 4, ОН 11 | | Қылмыстық құқық бұзушылықтардың саралау теориясы<br>Қылмыстық процесс бойынша практикум<br>Құқықтық актілерді жобалау | 5 |
| ОН 8, ОН 11 | | Диплом алды | 3 |
| ОН 7, ОН 11 | | Өндірістік | 5 |
| ОН 7, ОН 8 | | Өндірістік | 15 |
| ОН 8, ОН 11 | Қорытынды аттестаттау | Қорытынды аттестаттау | 8 |

**4-нысан**

**Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы**

| NN п/п | Пәндердің атауы | Пәннің қысқаша сипаттамасы | Кредиттер саны | Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ОН 1 | ОН 2 | ОН 3 | ОН 4 | ОН 5 | ОН 6 | ОН 7 | ОН 8 | ОН 9 | ОН 10 | ОН 11 |
| **ЖБП/ЖК - 10** | | | | | | | | | | | | | | |
| D1 | Қазақстан тарихы (МЕ) | Адамзаттың тарихи даму заңдылықтарына сәйкес Қазақстан тарихы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазақстан аумағында ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін орын алған тарихи заңдар мен заңдылықтарды анықтайтын тарихи оқиғалар, фактілер, процестер туралы біртұтас көзқарас қалыптастыру сұрақтары қарастырылады. | 5 | + | | + | | | | | | | | |
| | Философия | Табиғатты, қоғамды және ойлауды дамытудың барынша жалпы заңдылықтары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Шындық (болмыс), адамның болмысы, адамның және оның айналасындағы әлемнің қарым-қатынасы, адамның танымы, әлем мен қоғамның эволюциясы, адам өмірінің материалдық және рухани құрамдас бөліктері туралы мәселелер қарастырылады. | 5 | + | | + | | | | | | | | |
| **ЖБП/ТК - 5** | | | | | | | | | | | | | | |
| | Қолданбалы бизнес | Идеяларды генерациялаудан, құнды ұсыныстарды құрастырудан, нарықты | 5 | + | | + | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | зерттеуден, тұтынушыны, ресурстарды анықтаудан бастап, дайын стартап жобаның тұсаукесеріне дейін жеке бизнесті құру мен жүргізудің экономикалық негіздері саласында білімді қалыптастыру, сондай-ақ бизнес теориясы мен практикасын зерделеу негізінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. | | | | | | | | | | | | |
| | Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | Құқықтық тәрбие, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, құқықтық сананы арттыру туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салалары, ҚР заңнамасын түсіну, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдау және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын қалыптастыру сұрақтары қарастырылады. | | + | | + | | | | | | | | |
| | Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері | Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың теориялық заңдары мен заманауи тәсілдері қарастырылады. Курс төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін зерттеуге, антропогендік әрекеттің жағымсыз әсерлерінің дамуын болжауға арналған. | | + | | + | | | | | | | | |
| | Ғылыми зерттеулердің негіздері | Білім алушылардың ғылыми зерттеулер саласындағы білімдерін қалыптастыру, ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын үйрету және дамыту мақсатында оқытылады. Ақпарат көздерімен жұмыс істеу ережелері, ғылыми жұмыстардың | | + | | | | + | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жекелеген түрлерін жобалау тәсілдері, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін қою, қорытындыларды тұжырымдау мәселелері; ғылыми этика негіздері сұрақтары қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| **ЖБП/ЖК - 41** | | | | | | | | | | | | | | |
| D2 | Саясаттану Әлеуметтану | Біртұтас қоғамдық құбылыс ретіндегі саясат, әлеуметтік қауымдастықтардың мәні туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Саяси биліктің дамуы мен қызмет ету заңдылықтары, қауымдастықтар мен жеке тұлғаның өзара әрекеттесу механизмдері ретіндегі әлеуметтік процестер, мемлекет пен қоғамда билікті іске асыру және бөлу механизмі қарастырылады. | 4 | + | | | | + | | | | | | |
| | Мәдениеттану, Психология | Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі психологияның, коммуникацияның орны, міндеттері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Психологиялық факторлар және денсаулыққа психологиялық ықпал етудің мәні; мәдениеттің түсінігі, мәні, қызметі, заманауи түсіндіруге қатысты көзқарастардың алуан түрлілігінің тарихы туралы сұрақтар қарастырылады. | 4 | + | | | | + | | | | | | |
| D3 | Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар | Ақпаратты, әртүрлі операциялық жүйелердің ерекшеліктерін іздеу және талдау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Компьютерлердің архитектурасы; электрондық кестелермен, мәліметтер базасымен жұмыс; ақпаратты қорғау әдістері мен құралдары; қарапайым | 5 | + | | | + | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | веб-сайттар, мультимедиялық презентациялар құру; ақпараттық ресурстарды, Интернет және оның қызметтерін пайдалану сұрақтары қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| | Қазақ тілі | А2, В1, В2, С1 біліктілік деңгейіне сәйкес сөйлеу әрекетінің төрт түрі (оқу, сөйлеу, тыңдау, жазу) бойынша қазақ (орыс) тілін практикалық меңгеру дағдыларын қалыптастыру; контекст бойынша сөздердің мағынасын қабылдау; монологтың/диалогтың өзіндік нұсқасын құру, хабарлама жазу және т.б. білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 10 | | + | | | + | | | | | | |
| | Шет тілі | Шет тілдік білім беру процесінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілік дағдыларын қалыптастыру мақсатында жеткілікті деңгейде (А2, жалпыеуропалық құзыреттілік) және базалық жеткіліктілік деңгейінде (В1, жалпыеуропалық құзыреттілік); оқытылатын тілдер мен іскерлік сөйлеудің тілдік құралдарын қолдана отырып, өз ұстанымын тұжырымдау және дәлелді айту мақсатында оқытылады. | 10 | | + | | | + | | | | | | |
| | Дене шынықтыру | Кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеті мен дағдыларын қалыптастыру; болашақ еңбек қызметіндегі физикалық жүктемені, жүйке-психикалық | 8 | | | + | | + | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | стрессті және қолайсыз факторларды күш-жігермен еңсеруге қабілеттілігін қалыптастыру мақсатында оқытылады. | | | | | | | | | | | | |
| **НП /ЖК - 50** | | | | | | | | | | | | | | |
| D4 | Мемлекет және құқық теориясы | Адамзат тарихындағы өркениеттің ұлы жетістіктерінің бірі ретіндегі мемлекет және құқық туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қоғамның даму үрдісіндегі мемлекет пен құқықтың қалыптасуының, қызмет етуінің, құрылымының жалпы заңдылықтары туралы, қазіргі жағдайы мен қоғамдық дамудың болжамды болашағы туралы сұрақтар қарастырылады. | 5 | | + | + | | | | | | | | |
| | Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы | Конституциялық құқықтың ғылыми-теориялық ережелері, конституциялық даму кезеңдері, Конституцияның мемлекет пен қоғамның негізгі заңы ретіндегі рөлі мен қызметі туралы негізгі идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Адам мен азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесі, мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының конституциялық жүйесі мәселелері қарастырылады. | 5 | | + | + | | | | | | | | |
| | Саяси және құқықтық ілімдер тарихы | Тарихи даму генезисінде, қазіргі заманмен байланысында алынған өткеннің саяси және құқықтық теориялары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 5 | + | | + | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Әртүрлі дәуірлердің саяси, құқықтық ілімдері, көрнекті ойшылдар, олардың негізгі шығармалары, құқықтық және саяси ойдың ескерткіштері, қазіргі ғалымдардың еңбектері туралы сұрақтар қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| | Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (жалпы бөлім) | Қылмыстық жауаптылықтың негізі мен шегін, қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының белгілерін, оларды жасағаны үшін жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды, қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатуды айқындайтын қағидаттар, институттар, ережелер туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 5 | | | | | | + | | | | + | |
| | Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (ерекше бөлім) | Қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамын құқықтық талдау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттердің нақты құрамдарының белгілері заңнамалық, теориялық және сот тәсілдері негізінде ашылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерінің түсінігі, жалпы сипаттамасы, оларды жүйелеу және аралас құрамдарды ажырату мәселелері қарастырылады. | 5 | | + | | | | | | | | + | |
| | Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы бөлім) | Білім алушыларда азаматтық заңнаманы, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының негізгі нормалары мен қағидаттарына қатысты теориялық | 5 | | + | | | | | | | | + | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | түсініктерді, өкілдік, мәміле, міндеттеме, шарт, меншік құқығы және т.б. сияқты азаматтық құқықтың жекелеген институттарын құқықтық реттеу ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады | | | | | | | | | | | | |
| | Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (ерекше бөлім) | Азаматтық заңнама туралы білімді, жекелеген міндеттемелер туралы теориялық түсініктерді, мұрагерлік, авторлық, халықаралық жеке құқық нормаларын қолдану дағдыларын, нақты азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болуына, іске асырылуына және тоқтатылуына негіз болатын құқықтық фактілерді құжаттау, шарттар жасау бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 5 | | + | | | | | | | + | | |
| | Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы | Азаматтық істерді қарау және шешу барысында сот пен процеске қатысушылар арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жүйеленген жиынтығы, сондай-ақ азаматтық процесс ғылымына тән құқықтық категориялар, ғылыми көзқарастар мен тұжырымдамалар туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 5 | | | | | | | | + | + | | |
| | Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы | ҚР қылмыстық іс жүргізу заңнамасы институттары туралы білімді қалыптастыру, қылмыстық іс жүргізу актілерін жасау дағдыларын, сотқа дейінгі және сот ісін жүргізуге | 5 | | | | | | | | + | | + | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қатысудың практикалық тәжірибесін алу мақсатында зерделенеді. Қылмыстық процестің әртүрлі кезеңдерінде қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді реттейтін нормалар қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| | Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы | Мемлекеттік басқарудың өзекті мәселелері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мемлекеттік басқарудың негізгі институттарын әкімшілік-құқықтық реттеудің мәні мен тетігі, мемлекеттік басқару саласындағы құқықтық нормаларды орындамағаны үшін заңды жауапкершілік, жария сипаттағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық актілерді зерттеу туралы мәселелер қарастырылады. | 5 | | | | + | | | | | | + | |
| **НП/ ТК - 40** | | | | | | | | | | | | | | |
| D5 | Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы | Шет елдердің мемлекеті мен құқығын, олардың пайда болуын әртүрлі тарихи дәуірлерде дамуы процесі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мемлекеттік-құқықтық институттарды, құбылыстарды хронологиялық ретпен, белгілі бір тарихи кеңістіктегі дамуының процестері туралы мәселелер қарастырылады. | 6 | + | | + | | | | | + | | | |
| | Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы | Қазақстанның мемлекетімен құқығының қалыптасу және даму тарихы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін аумақта болған | | + | | | | | | | | | | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мемлекеттердің түрлері, нысандары, құқықтық жүйелер туралы объективті көріністі қалпына келтіру, ҚР тәуелсіз мемлекеттің орнығу және даму сұрақтары қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| | Қазақтардың әдет-ғұрып құқығы: тарихы және қазіргі заман | Құқықтың дербес нысаны ретіндегі әдет-ғұрыптық құқықтың кейбір теориялық және тарихи аспектілері туралы білімді қалыптастыру, мақсатында оқытылады. Әдет-ғұрыптық құқықтың нормативті-мазмұнды, аксиологиялық, құрылымдық, функционалдық аспектілерінің сұрақтары жүйелік құбылыс ретінде, тарихи дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі орны және рөлі қарастырылады. | 5 | | | + | | + | | | | | | |
| | Римдік жеке құқық | Ежелгі Рим аумағында әрекет еткен, кейін европалық континенттік құқықтық мәдениетінің негізіне айналған, римдік жеке құқықтың эволюциясы мен қызмет ету заңдылықтарын, сондай-ақ қазіргі азаматтық құқық үшін тарихи маңыздылығын жүйелі түрде ашатын құқықтық нормалар жүйесі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | | | | | + | | | | | + | | |
| | Ислам құқығы | Қазіргі заманғы мұсылмандық құқықтық жүйелер, батыстандыру, исламдандыру практикасы, ислам мемлекеттерінің құқықтық жүйелерінде дуализмнің артуы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мұсылман құқығының ерекшелігі, қайнар көздерінің мазмұны, мазхабтардың мұсылман құқығын | 5 | | + | | | | | | | | | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | түсіндіруінің маңызы, мұсылман құқығының мемлекеттердің кодификацияланған заңнамасымен байланысы туралы сұрақтар қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| | Парламенттік құқық | Парламенттік құқық, қайнар көздері, ҚР Парламентінің ұйымдастырылуы мен қызмет етуі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Парламентаризмнің теориялық-құқықтық негіздері, шетелдік заң шығарушы органдардың ҚР Парламентімен салыстырмалы талдауы; парламенттің конституциялық дамуы, электрондық ақпараттық сервистерді пайдалана отырып, Қазақстанда парламенттік құқықтың даму сұрақтары қарастырылады. | | + | | + | | | | | | | | |
| | Сайлау құқығы және үрдіс | ҚР конституциясының талаптарына, ҚР конституциялық құқық саласындағы сайлау құқығы институтын бөлуге мүмкіндік беретін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес сайлау процесін ұйымдастыру негіздері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Сайлауды ұйымдастыру және өткізу мәселелері қарастырылады. | 4 | | | | | | | + | | | | + |
| | Адам құқықтарын іске асырудың қазіргі мәселелері | Адам құқықтарын қалыптастырудың тарихи және теориялық заңдылықтары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Адам және азамат құқықтарын құқықтық реттеу мәселелері, адам құқықтары саласындағы | | | | | | | | | | + | | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | халықаралық стандарттар, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет институттары жүйесіндегі тұлғаның құқықтық жағдайы қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| | Қазақстан Республикасындағы әскери қызметті құқықтық реттеу | Қазақстан Республикасында әскери қызметті құқықтық реттеудің қалыптасуы, дамуы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. ҚР әскери қызметшілерінің құқықтық және әлеуметтік жағдайы, әскери қызмет түрлері және олардың ерекшеліктері, халықаралық әскери саладағы ынтымақтастық, әскери қызметшілерді құқықтық тәрбиелеу және олардың жауапкершілігі сұрақтары қарастырылады. | 5 | | | | + | | | | | | | + |
| | Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет | Мемлекеттік басқару теориясы және мемлекеттік қызметті ұйымдастыру туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайы мен кәсіби даярлық деңгейі, мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары, мемлекеттік қызметке кіру, қызмет көрсету, босату тәртібі, мемлекеттік органдарда өзге де адамдардың қызметі туралы мәселелер қарастырылады. | | | | | + | | | | | | | + |
| | Қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыру нысандары | Қылмыстық жауапкершілікті іске асыру процесі туралы көзқарасты қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қылмыстық құқықтың аса маңызды және проблемалық институттары – жазаның түсінігі, мәні мен мақсаты, қылмыстық- | 5 | | | | | | | | + | | + | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын қолдану, қылмыстық жауаптылықтан босату және жазалау қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| | Қазақстан Республикасының отбасы құқығы | Отбасының дамуын Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағытымен айқындайтын, отбасының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін неке-отбасы қатынастарын реттеудің құқықтық негіздері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Неке, туыстық, бала асырап алу кезінде туындайтын жеке, олармен байланысты мүліктік қатынастар қарастырылады. | | | | | + | | | | | + | | |
| | Криминология | Қылмыстың табиғаты және оның жекелеген түрлері туралы жүйелі теориялық білім алу, алдын алу іс-әрекетінің тиімділігін бағалай білу мақсатында оқытылады. Қылмыс ұғымы, жекелеген қылмыстық әрекеттерді тудыратын факторлар, себептер мен жағдайлар, қылмыскердің жеке басы, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы сұрақтар қарастырылады. | 5 | | | | + | | | | | | + | |
| | Қазақстан Республикасының еңбек құқығы | Еңбек қатынастарын және еңбекпен тікелей байланысты өзге де қатынастарды құқықтық реттеу туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, ең төменгі | | | | | + | | | | | + | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кепілдіктер және еңбек саласында қажетті құқықтық жағдайлар жасау мәселелері қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| | Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл | Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті көздейтін қылмыстық-құқықтық нормаларды түсіндіру және қолдану дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытыладыі. Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың себептері мен жағдайлары, сыбайлас жемқордың жеке басы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама және көлеңкелі экономикаға қарсы күрес шаралары қарастырылады. | 5 | + | | | + | | | | | | + | |
| | Адвокатура және заң көмегін ұйымдастыру | Сот төрелігіне қол жеткізу құқығын іске асыру тәсілдерінің бірі ретінде халыққа заң көмегін көрсетудің құқықтық, ұйымдастырушылық, процестік, психологиялық және этикалық негіздері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Адвокаттар алқасы мен заң консультанттары палаталарының қызметі, адвокат пен заң консультанттарының құқықтық мәртебесі қарастырылады. | | | | | | | | | + | + | | |
| | **НП/ПР - 5** | | | | | | | | | | | | | |
| | Оқу практика | Болашақ кәсіптің объектілері болып табылатын ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен жалпы танысу, болашақ кәсіби қызметтің түрлерін, функциялары мен міндеттерін зерделеу мақсатында жүргізіледі. | 1 | | + | | | | | + | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Өндірістік практика | Кәсіби дағдылар мен іскерліктерді бекіту, құзыреттерді жетілдіру, болашақ заңгерлердің өз бетінше еңбек қызметіне және өзін-өзі ұйымдастыруға дайындығын тексеру, мемлекеттік аттестаттау емтихандарына практикалық дайындық және бітіру біліктілік жұмысы тақырыбы бойынша зерттеу жүргізу үшін материал жинау мақсатында жүргізіледі. | 3 | | | | | | | + | + | | | |
| | Оқу практика | Нақты біліктер мен дағдыларды игере отырып, оқытудың қолданбалы бағыттылығы мен мамандануын қамтамасыз ететін практикалық жағдайларда негізгі білім беру бағдарламасы бойынша теориялық оқыту процесінде студенттер алған білімді бекіту және кеңейту мақсатында жүргізіледі. | 1 | | + | | | | | | + | | | |
| **БП/ТК - 15** | | | | | | | | | | | | | | |
| D6 | Заңгер қызметіндегі құқықтық деонтология және аксиология | Заңгерлердің қызметінде деонтология және аксиология туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Кәсіби қызметтің әртүрлі салаларындағы лауазымдық міндеттердің қайнар көздері болып табылатын мораль мен этика, адамгершілік және құқық нормаларының арақатынасы мәселелері туралы философиялық және құқықтық ілімдердің негізгі ережелері қарастырылады. | 5 | | | + | | + | | | | | | |
| | Заңгер қызметіндегі сандық технологияла | Білім алушылардың заңгердің кәсіби қызметіндегі сандық технологиялар туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазіргі заманғы | | | | | + | | | + | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | р | электрондық ақпараттық платформаларда және Ішкі істер министрлігі, Бас прокуратура, Әділет министрлігі, ҚР Жоғарғы Сотының ресми сайттарында заңгерлер үшін пайдалы опцияларды қолдану туралы сұрақтар қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| | Электрондық үкімет | Азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл кезінде ақпараттық технологияларды пайдаланудағы сапалы өзгерістер есебінен мемлекеттік биліктің атқарушы органының жұмыс істеу тиімділігін арттыру саласындағы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Олардың Қазақстан Республикасының цифрландырылған мемлекеттік органдарымен өзара қарым-қатынасын реттейтін нормативтік актілерге байланысты сұрақтар қарастырылады. | | | | | + | | | | | | | + |
| | Соттық риторика | Кәсіби коммуникацияның әртүрлі түрлерінің түсінігі мен мазмұны туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Сот сөздерінің түрлері, шешендік өнердің тарихы, полемикалық әдістер, сот процестерінде прокурор мен адвокаттың сөйлеу ерекшеліктері, адвокаттың сөйлеу мәдениеті, коммуникативті байланыстардың әртүрлі деңгейлері қарастырылады. | 5 | | | | | | + | + | | | | |
